

Аннотация

«Метрология орталығының деректер базасын құру» атты бітіру жобасында зерттеу объектісі - бағдарламалау технологиялары көмегімен метрологиялық орталықтардың тиімді жұмыс істеуі; жоба заманауи технологияларды қолдана отырып және метрология орталығының жұмысын оңайлатумен ыңғайлы пайдаланушы интерфейсі бар деректер базасын құруға бағытталған; бітіру жобасының практикалық құндылығы - бағдарламалық қамтамасыз етудің жалпы деректер базасына жаңа деректерді енгізудің оңайлатылған әдісімен метрологиялық зертханалар мен орталықтар жылдамдығын арттыру.

Дипломдық жобаның келесі міндеттері қойылған: пайдаланушылардың ыңғайлы интерфейсі бар, жаңа технологияларды қолданып, метрология орталығының қызметін жеңілдету, бір бағдарламада барлық деректерді жинау үшін деректер базасын құру. Жұмыстың теориялық негізі жиналған әдебиеттерді және түрлі көздерден алынған ақпараттарды талдау арқылы ұйымдастырылды.

Дипломдық жобаның практикалық маңызы - бағдарламалық қамтамасыз етудің жалпы базасына жаңа деректерді енгізудің оңайлатылған әдісімен метрология зертханалары мен орталықтарының жылдамдығын арттыру.